

● КЕҢЕС

ОТАНДЫҚ ӨНДІРІСТІҢ ӨРІСІ КЕҢЕЙЕ БЕРМЕК

Кеше Қызылордада ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы төралқасының төрағасы Тимур Құлыбаев пен ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқармасының төрағасы Абылай Мырзахметовтің және облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың қатысуымен кәсіпкерлер палатасы Өңірлік кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті.

Жиында Тимур Құлыбаев әлемдік дағдарыстың салқыны Қазақстан экономикасына да әсер етпей қоймайтынын атап өтті. Сондықтан, мұндай күрделі кезеңде ел экономикасын бірқалыпты ұстау бағытында ҚР Үкіметі дағдарыстың алдын алу шараларын жүзеге асырып, теңгені құнсыздандырмау бағытында бар жағдайды жасауда.

— Бұл ретте Елбасы тапсырмасы бойынша ең бірінші кезекте республикалық бюджетті үнемдеу қолға алынды. Ел бюджеті қайта қарастырылып, кейбір салаларға бөлінген қаржы-қаражат мөлшері қысқартылғаны белгілі. Бірақ әлеуметтік сала мен кәсіпкерлерді қолдауға жұмсалатын қаражат көлемі кеміген жоқ. Ең басты мәселе — отандық өндірісті қолдай отырып, Индустрияландыру картасы аясында қолға алынған озық жобаларды жүзеге асырып, олардың игілігін ел болып көре білуде. Бұл сапар мақсаты да осы — кәсіпкерлермен ақылдасып, түйткілді мәселелерді талқылап, алдағы атқарылар істерді нақтылап алу, — дей келе, Тимур Құлыбаев дағдарыс жағдайында даму даңғылына түсу үшін отандық бизнесті қорғау қадамдары қолға алынып, мемлекет тарапынан қолдау көрсетілетінін жеткізді.

Кеңес отырысында облыс әкімі Қырымбек



Көшербаев облыс әкімдігінің өңірдегі кәсіпкерлер палатасымен тығыз байланыста жұмыс жасап, кәсіпкерлерге қолдау көрсетіліп жатқаны жайлы әңгімеледі. Облыстағы кәсіпкерлер палатасының директоры Руслан Досмаханов палатаның 9 басым бағыты бойынша тоқталып, өңірде Индустрияландыру картасы аясындағы жобалардың жүзеге асырылу барысы мен отандық тауарөндіріштерді қолдау мәселелері жөнінде баян етті.

Индустрияландырудың бірінші бес жылдығында Қызылорда облысында жалпы құны 60,8 миллиард теңгені құрайтын 15 жоба іске асырылып, бір мың тұрақты жұмыс орны ашылды. Соның ішінде аса маңыздылары — күкірт-қышқыл зауытының құрылысы, Құмкөл газотурбиналық станса-

сында әрқайсысы 25 МВт-тық екі қосымша

газотурбиналық құрылғының құрылысы, газды пайдалану бойынша 11 кешен құрылысы және басқалар.

Екінші бесжылдықта жалпы құны 139,2 миллиард теңгені құрайтын 22 жобаны жүзеге асыру көзделуде. Нәтижесінде тұрақты 2,4 мың жұмыс орны ашылақ. Соның ішінде биыл 8426 миллион теңгенің 11 жобасы қолға алынбақ.

Руслан Досмахановтың айтуынша, аймақта отандық тауарөндіріштерді қолдау бағытында да қарқынды жұмыстар жүргізілуде. Өңір кәсіпкерлері күріш, сүт, макарон, сондай-ақ шұжық және өзге де өнім түрлерін ұсынуда.

Осы ретте, «Қазақстанда жасалған» акциясы аясында Қызылорда қаласының ірі 15 сауда үйінде жәйне 17 супер және



шағын маркетте секциялар ашылып, арнайы логотиптер жапсырылған отандық тауарөндіріштердің өнімдері орналастырылды. «Ажар», «Жайна», «Мирас», «Сұлтан», «Универсам», «Халықтық», «Small» сынды халық көп шоғырланатын орындар отандық тауарөндіріштердің тауарларына көрнекті жерлерді ұсынды. Сондай-ақ облыстың аудандарындағы 36 ірі дүкенде де осындай шаралар жасалды. «Қазақстанда жасалған» акциясы қызылордалықтар арасында үлкен қолдауға ие болды.

Кеңес отырысы барысында аймақ кәсіпкерлері қазіргі таңда нарық пен бизнес саласында туындаған өзекті мәселелер туралы ойларын ортаға салып, кеңінен талқылады.

Дәурен ОМАРОВ.

ӨЗАРА ӘРІПТЕСТІК МЕМОРАНДУМЫНА ҚОЛ ҚОЙДЫ

Кеше Қызылорда облысы әкімдігі мен «KAZENERGY» мұнай-газ және энергетикалық кешен ұйымы ассоциациясы арасында өзара әріптестік меморандумына қол қойды.

Қызылорда облысының әкімі Қ.Көшербаев пен «KAZENERGY» ассоциациясының төрағасы Т.Құлыбаев қол қойған келісімде өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттыру, технология трансфертін кеңейту және жаңа технологиялар енгізу, экологиялық қауіпсіздікті жоғарылату мен энергия үнемдеу, сондай-ақ, аймақтағы мұнай-газ кешенін дамыту секілді мәселелер қарастырылды. Сонымен қатар, қазақстандық мұнай-газ кәсіпорындары мен өңір экономикасы салаларына ғылыми-техникалық және ұйымдастырушылық қызметтің жасалуы, тауарлардың технологиялық сапасын сақтай отырып, халықаралық стандарттар енгізуді қамтамасыз ету де көрсетілген.

Келісімге қол қою рәсімінде облыс әкімі Қ.Көшербаев әріптестік үшін Т.Құлыбаевқа алғысын білдірді. Өз кезегінде ассоциация төрағасы бұл меморандум өңір экономикасын дамытып қана қоймай, кадр саясатын, оның ішінде қазақстандық мамандардың кәсіби біліктілігін арттыру мен әлеуметтік еңбек қатынасын жетілдіруге өз септігін тигізетіндігін айтты.

М.ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

● ҚАРАТАУДЫҢ ҚАЗЫНАСЫ

СЫРДА КҮРІШ, ҚЫРДА ҚҰРЫШ

АЙМАҚТА МЕТАЛЛУРГИЯ САЛАСЫ ЖАҢА СЕРПІНМЕН ДАМИДЫ

Күрішті, ырысты Қызылорда енді құрышты аймаққа айналды. Соңғы жылдар бедерінде металлургия кластерінің батыл қолға алынуы нәтижесінде салада жаңа кәсіпорындар бой көтеруде. Биылғы жылдың аяғында мұнда 600-ден астам адам еңбек ететін болады.

Сыр елінде түсімізге кірмеген түсті металлургия қанат жайды. Әлемдік нарықтағы озық өнім өңірде жаңа идеяларды жүзеге асуына бастама болды. Атап айтқанда, бұрынғы негізінен ауыл шаруашылығы бағытындағы Қызылорда облысында түрлі өндіріс салаларымен қатар металлургия саласына да жаңа қадамдар жасау мүмкіндігі арта түсті. Мұның негізі әзірге Шиелі ауданынан бастау алғандығы ақиқат. Бұл орайда, жобалық құны 1 млрд. теңге көлеміндегі ванадий металын автоклавты тәсіл бойынша өндіру қолға алынууда. Металлургия саласындағы мәні зор зауытты іске қосатын «Фирма Балауса» ЖШС-ның бастамасы облыс әкімі тарапынан қолдау тауып, жүйелі жұмыстарға кірісті. Аталмыш өндіріс орны өте сирек кездесетін металл — ванадий өндіруден шұғылданады. Аталмыш металл Қаратаудың Шиелі ауданы тұсындағы сілемдерінде мол екендігі экспедициялық барлау арқылы анықталып, осы жоба ел Тәуелсіздігінің арқасында жүзеге асу жолында. Еске сала кеткен жөн секілді, ванадий — автокөлік, әскери техникаларды жасап шығару барысында темірге қосылып, оның беріктігін арттыратын металл. Егер ол қосылмаса, техникалардың салмағы бірнеше есеге артып, беріктігі өте төмен болар еді. Оны алғіндегі қасиеті үшін броньды трансфертер, бронжелет жасауға да пайдаланады.

Нақты кезеңде өндіріс орнын қайта жаңғырту, жаңадан жабдықтау жұмыстары жүргізілуде. Ойткені, заман талабына сай қалдықсыз өндіріс орнығуы үшін ванадий өндіруден соң, бірнеше сатылы қосымша өнім өндіру цехтары жұмыс жасайтын болады. Мәселен, аккумулятор шығару, темірбетон бұйымдары, тағы басқа қажетті заттар шығарыла бастайды. Кәсіпорында қазір 225 адам еңбек етеді. Арнайы мамандардан өзгесінің басымы жергілікті жердің азаматтары, — дейді осы жобаны қолға алып, материалдық игілікке айналдыру жолында табанды ізденіс пен аялбай еңбек етіп жүрген Андрей Кузнецов.



Геологиялық барлау нәтижесі «Баласауыскандық» кеңішінде 69 млн тонна ванадий рудасының қоры бар екендігін көрсетіп отыр. Бұл, әрине, орасан зор байлық. Оны игеру мақсатында аталмыш фирмалда әзірге екі жүзден астам адам еңбек етіп келе, алдағы уақыттарда олардың саны мұнан еселеп арттары өзгезіз. Өрине, бұл үшін әуелгі жоспардағы өндірісті сатылап іске қосу тәжірибесі кеңінен өріс алуы тиіс. Кәсіпорын басшылығы, инвестиция салушы шетелдік кәсіпкерлермен бірлесіп, оның тиімді жолдарын қарастырып келеді. Алдағы уақытта осы жобаның жүзеге асырылуы аймақтың келешегін кемел етері, жүздеген жергілікті тұрғындарды жаңа жұмыс орындарымен қамтамасыз етері айқын.

Нақты кезеңде өндіріс орнын қайта жаңғырту, жаңадан жабдықтау жұмыстары жүргізілуде. Өнеркәсіп саласын қолға қою мақсатында тынбай ізденіс үстіндегі компания 20 млн АҚШ доллары көлемінде инвестиция салса, оның соңындағы ел байлығын арттыруға мол үлес қосатындығына жоба басшысының сенімі мол. Оның мәлімдеуінше, жоба үш кезеңмен іске асырылуы тиіс. Сол арқылы 2015 жылы мұнда 664 адам еңбек етсе, өндірілген ванадийдің көлемі де арта түседі. Осы жоба толық жүзеге асқан кезде мұнда ванадийден өзге оған сабақтас өндірілетін өнімдер — ванадий патиоксиді, феррованадий, алюминидий, молибденді концентрат, көмір қышқылы секілді өндіріс пен тұрмысқа қажетті заттарға қажетті шикізаттар да молынан болады. Демек, осы жерде көптеген сабақтас кәсіпорындар жұмыс істеп, жүздеген аймақ тұрғындары жұмыспен қамтылады деген сөз.

Із, Сыр өңірі жаңаша қарқынмен дамып келеді. Ал металлургия өңірдің жаңа серпіні. Сырда күріш өсіріп, Қырда құрыш қайнатсақ, экономика да өрлей түспек.

Нұрмахан ЕЛТАЙ. Шиелі ауданы.

● САПАР

ЖАҚСЫ ІСТІҢ НӘТИЖЕСІ ДЕ ЖАРҚЫН

Жексенбі күні облыс әкімі Қырымбек Көшербаев Сырдария ауданының елді мекендері мен Тереңөзек кентінде болды. Сапар аясында ауыл тұрғындарының өтініш-тілектерін тыңдап, атқарылып жатқан жұмыстарға қанықты.



Бүгінгі таңда ауданда 3-6 жас аралығындағы балалардың балабақшамен қамтылуы 95 пайызды құрап отыр. Биыл С.Сейфуллин, Қоғалыкөл ауылдарында жаңадан балабақша салынса, Қалжан ахун ауылындағы әкімдіктің ескі ғимараты балабақша болып қайта жаңғыртудан өтеді. Бұл нысандардың құрылысы аяқталған кезде ауданда балабақша мәселесі толықтай шешімін табады.

Ал Айдарлы, Іңкәрдария ауылдық округ әкімдіктері жаңа ғимаратқа қоныстанса, А.Тоқмағамбетов ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты күрделі жөндеуден өтті. Енді жаңа ғимаратқа қошқын қызметкерлер ауыл тұрғындарының мәселесін оңды шешілуіне ықпал етпек.

Елімізде мүмкіндігі шектеулі жандар үшін кедергісіз кеністік болуы тиіс. Өсіресе, қолынан іс келетін кембағал жандарды мемлекет қарауына алып жатыр. Осындай жанның

бірі Айдарлы ауылының тумасы Айдана Сейітсұлтанқызы. Өкім кездесуіне арнайы келген ІІ топ мүгедегі Айдана: «Қазір көп нәрсе үйрендім. Өзім кесте тігіп, түрлі оңалар жасаймын. Енді компьютердің тілін меңгеруге машықтанып жатырмын. Сонымен қатар, кілем, басқұр тігуді үйренудемін. Болашақта дизайн атынып, өз кәсібімді бастасам деген жоспарым бар. Өзім секілді мүгедек жандарды тігіншілікке үйреткім келеді, — дейді. Айда-на туған ауылындағы тігін цехында жұмыс жасайды. Аймақ басшысы тігін цехының толық қуатында жұмыс істеуіне жағдай туғызулы жергілікті басшыларға тапсырды.

Өнер саласының мақтанышы мәдениет ошақтарынан басталады. Өсіресе жергілікті жерлердегі ауылдық клуб үйлерінің руханият пен мәдениетке қосар еңбегі зор. Былтыр Жеткөл және Қоғалыкөл ауылдарында жаңадан ауылдық клуб салынды. Мәдениет ошақтарында түрлі үйірмелер жұмыс жасау-

да. Ауылдар шағын ғана болғанымен мұнда өнерлі жастар жетерлік. Бірақ солардың талантын ұштайтын клубтың болмауы қиындық туғызған еді. Қос ауылда да бұл мәселелер бүгінде оңды шешімін тапты.

Аманкелді ауылдық ауруханасының күндізгі бөлімі 5 орынға, түзліктігі 10 орынға арналған. Ауыл халқының санының артуына байланысты ауруханаға осыдан екі жыл бұрын стационар мәртебесі қайтарылып берілген болатын. Қазір ауылда 3 мыңға тарта халық тұрады. Бұл жерге тіпті көрші ауылдардан да келіп, ем қабылдаушылардың қатары артып отыр. Тұрғындар ақ халаттылардың қызметіне дән риза. Ал Бесарық ауылының тұрғындары да бұрын басы ауырып, балтыры сыздаса аудан орталығына баруларына тура келетін. Бұл мәселе де оңды шешімін тауып, жаңадан амбулатория салынды. Ғимарат соңғы үлгідегі медициналық құралдармен жабдықталған.

Астанаға қарап бой түзейтін ауылдар ауданда жетерлік. Жалпы, елді мекендерде көгалдандыру, абаттандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Ауданның беткеуістар Н.Лиясов, Бесарық, Шаған секілді ауылдары бар. Енді олардың қатарына Шіркейлі ауылы да қосылмақ. Қазір де ауылда орталық көшелер жөнделіп, жарықтандырылды. Абаттандыру жұмыстары ауыл көркін ажарландырып тұр.

Ауылшаруашылық саласында оң өзгерістер көп. Қазіргі кезде аудан диқандары көктемгі дала жұмыстарына қызу кірісіп кетті. Егін егуге техникалары толық дайын. Аймақ басшысы «Шаған жер», «Ақсарма-2» шаруа қожалықтарының жұмыстарын көрді. Бұл салада ауданда тың жобалар көп. Мәселен, «Шаған Жер» ЖШС биыл 3000 басқа арналған мал бордақылау алаңын салмақшы. Қазіргі кезде жобалық-сметалық құжаттары жасалып, «ҚазАгроОйым» АҚ арқылы жоба қуатталмақшы. Сонымен қатар, «Ақсарма-2» серіктестігі сүт зауыты, құрама жем, мал бордақылау, ірі қараға арналған ангар салуды жоспарлап жатыр. Осы ауылдың «Ақсарма және К» серіктестігі ауылға монша салуды көздеген. Бұл серіктестіктер ауыл тұрғындарын

басары Қосым Аңсабаев.

Мұнан кейінгі бағыт «Қолжетімді баспана-2020» мемлекеттік бағдарламасы аясында бой көтерген «Ипподром» мөлтек ауданындағы көпқабатты тұрғын үйлер болды. 2011 жылы салына бастаған 6 үйдің құрылыс жұмысы бүгінде толық аяқталған. Яғни, жуырда 300 шаңырақ қоныс тойын тойлайтын болады. Халық игілігіне берілетін мұндай тұрғын үйлер «Арай» мөлтек ауданында да салынууда. «Қазақстан ипотекалық компаниясы» АҚ арқылы жүргізіліп жатқан үйлердің құрылысы осы айда басталса, қыркүйек айында аяқтау көзделуде. Мұнда 30 пәтер — 1 бөлмелі, 140 пәтер — 2 бөлмелі, 110 пәтер 3 бөлмеден тұрады. Барлығы 280 пәтер алдағы уақытта пайдалануға берілімек. Сонымен қатар, бұл жерде құны 2023,0 млн. теңгені құрайтын 5 көпқабатты тұрғын



үй де бой түзеуде. 240 пәтерлі бұл үйлердің құрылыс жұмыстары қазіргі сәтте орталанған. Айта кету керек, биылғы жылы 2400

қызылордалық отбасы пәтерлі болмақ.

Осындай құрылыстары қарқынды жүргізіліп жатқан көпқабатты тұрғын үйлердің жұмысын көзбен көріп бағамдаған облыс әкімі мердігер мекемелер мен басқа да жауапты қызметкерлерге әрбір құрылыс жұмыстарының сапалы болуын ерекше нықтап тапсырды.

Аймақ басшысы аралаған соңғы нысан «Ақмешіт» мөлтек ауданындағы құрылысы енді басталған «Мүсірәлі Баба» мешіті. Имандылық үйінің құрылысын «Абзал және К» толық серіктестігі жүргізуде. Құрылыс жұмыстарының барысымен аталмыш серіктестіктің басшысы, Еңбек Ері Абзал Ерліев табыстырды. Мешіттің құрылысы өткен жылдың қыркүйек айында басталса, оны осы жылдың қыркүйегінде бітіру көзделуде. Яғни, ендігі жерде ақмешіттіктер мұнарасы «мен мұндалап» тұратын жаңа мешітке аяқ басатын болады.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Павлодар облысының кәсіпорындарында болды



Кеше Қазақстан Президентігіне кандидат Нұрсұлтан Назарбаевтың Республикалық қоғамдық штабының мүшелері Павлодар облысының өнеркәсіптік нысандарында болып, өңір активімен кездесті.

Делегация құрамында Республикалық қоғамдық штаб басшысы Мұхтар Құл-Мұхаммед, «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбек, Қазақстан патриоттар партиясының төрағасы Ғани Қасымов, «Ақ жол» демократиялық партиясының төрағасы Азат Перуашев, «Бірлік» партиясының төрағасы Серік Сұлтанғали, Халық банкі Директорлар кеңесінің төрағасы А.Павлов, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, ІҚХА мүшелері Олег Дымов, Роман Ким, «Нұр Отан» партиясының Мәжілістегі фракциясы мүшелері М.Пішембаев, М.Бегентаев, А.Нұркина және т.б. бар.

Павлодар қаласында штаб мүшелері Н.Ә.Назарбаевтың жақтастары – Қазақстан электрорлиз зауытының металлургтерімен, «Қазақстан Алюминийі» АҚ, Ақсу феррокорытта зауытының және Еуроазиялық энергетикалық корпорацияның кеншілерімен, энергетиктерімен, сондай-ақ Екібастұздағы «Богатырь Көмір» ЖШС кәсіпорнының жұмысшыларымен кездесті.

Сонымен қатар РҚШ мүшелері Павлодар өңірінің үкіметтік емес секторы өкілдерімен және «Луганск» ауылындағы Мәдениет үйінде өндірістік кооператив жұмыскерлерімен де кездесу өткізді.

Алғашқы кездесу Қазақстан электрорлиз зауытында өткен болатын. Осы зауыттың ашылуы кезінде 7 жылдан астам уақыт бұрын Н.Назарбаев: «Мен металлург ретінде осындай зауыт туралы армандаған едім. Енді Қазақстан шикізатты өндіріп, сатып қана қоймай, бәсекеге қабілетті өнімді өндіріп, әлемдік нарыққа шығарады», деген болатын. Осылайша 2009 жылы қазақстандық алюминий Лондон металл биржасында ресми тіркелді, ал 2010 жылы дүниежүзілік деңгейдегі «Еуропалық сапа» нағрадасына ие болды.

Республикалық қоғамдық штаб басшысы М.Құл-Мұхаммед Елбасының үнемі қолдауының арқасында Павлодар облысы Қазақстанның индустриялық-инновациялық экономикасының беткеуісін өңіріне айналғанына тоқталып өтті. «Қуатты алюминий өндірісі, жаңа мыс қорыту алпауыты, Ақсу феррокорытта зауыты және осы электрорлиз зауыты әрбір павлодарлық отбасының әл-ауақатын қамтамасыз етіп отыр. Сондықтан сіздер осындай қамқорлық көрсеткені үшін жауап ретінде біздің Көшбасшымызға дауыс берісездер деп сенемін», – деп атап өтті РҚШ басшысы.

Павлодарлықтар Н.Ә.Назарбаевқа Үлемді индустриялық-инновациялық даму бағдарламасы үшін алғысын білдірді, оның ауқамында соңғы 5 жылда ғана облыста 94 жоба жүзеге асырылуда және 11000-нан астам жаңа жұмыс орындары ашылды.

«Елбасы өзінің еңбек жолын қарапайым металлургтен бастады. Сондықтан ол сіздердің еңбектеріңіздің бағасын, сіздердің арман-мүдделеріңіз бен ұтымдылықтарыңызды, сіздердің өзекті проблемаларыңызды жақсы біледі. Еңбек адамы – Мемлекет басшысы саясатының, Бірлік, Бейбітшілік пен Келісім саясатының тірегі. Біз алдағы сайлау біздің Көшбасшымыздың төңірегін топтасқанымызды тағы да көрсететініне сенімдіміз! Елбасы үшін дауыс бере отырып, біз тұрақты, гүлденген және күшті Қазақстан үшін дауыс береміз!», – деп атап көрсетті Екібастұз қаласындағы «Богатырь Көмір» ЖШС жұмысшыларымен кездесу барысында «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Байбек.

Ақсу электр стансасындағы энергетиктер еңбек әулетінің өкілі Светлана Махмұдова оның энергетиктер әулетінің жалпы еңбек өтілі 100 жылдан асатынын атап өтті. Қазақстан Тәуелсіздігі жылдарында кәсіпорында жаңа технологиялар енгізілуде, өндіріс жаңаруда. Мұның барлығы Елбасының саясаты, Қазақстанда экономиканың өсуі, бейбітшілік пен тұрақтылықтың арқасында мүмкін болды.

Н.Ә. Назарбаевтың кандидатурасын қолдап, «Ақ жол» саяси партиясының басшысы Азат Перуашев, «Бірлік» партиясының басшысы Серік Сұлтанғали және Патриоттар партиясының басшысы Ғани Қасымов сөз сөйледі.

Кездесулерге мыңға тарта павлодарлықтар қатысты. Өз сөздерінде олар Мемлекет басшысының саясаты арқасында жаһандық экономикадағы дағдарысқа қарамастан, Қазақстанда жаңа кәсіпорындар ашылып жатқанын, инновациялық технологиялар енгізілуде екенін және қазақстандықтар жұмыспен қамтамасыз етілгенін, ертеңгі күнге сеніммен қарайтынын атап көрсетті.

Павлодарлықтар Нұрсұлтан Назарбаевты еліміздің шынайы жалпыұлттық Көшбасшысы деп санайды. «Ол – бейбітшілік пен келісімнің, біздің жоспарларымыздың жүзеге асуының, мемлекеттің тұрақты прогресінің кепілі. Ұлтты топтастыра білген және оны ел алдында тұрған міндеттерді жүзеге асыруға жұмылдыра білген Көшбасшы. Біз 2015 жылғы 26 сәуірде республиканың игілігі мен инновациялық дамуы үшін дауыс береміз деп мәлімдейміз, яғни бұл Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев үшін дауыс береміз, деген сөз», – деп атап көрсетті өңір тұрғындары – Қазақстан Президентігіне кандидат Н.Ә. Назарбаевтың жақтастары.

Астана ЖЭО қызметкерлерімен кездесті

ҚР Президентігіне кандидат Тұрғын Сыздықов Астана қаласы ЖЭО қызметкерлерімен кездесу өткізді.

Кездесуге сондай-ақ сайлауалды штабтың жетекшісі А.Қоңыров қатысты. Тұрғын Сыздықов өз сөзінде кездесуге қатысушыларды өзінің сайлауалды тұғынамасының негізгі принциптері туралы хабарлар етті.

Атап айтқанда, ол ХІХ ғасырда ғылыми коммунизмнің негізін қалаушылар Карл Маркс пен Фридрих Энгельс тарихи тәжірибеге сүйене отырып, қоғам дамуының объективті заңдарын шығарды, адамзат қоғамының жаңа коммунистік формацияға өтуінің болмай қоймайтын теориялық жағынан көрсетіп берді, деп атап өтті.

«Біз ғылыми коммунизм идеяларын сақтауда үлкен қадам жасадық. Дамудың көп кезеңдік жолынан өттік. Партияда партиялық бұқараны бақылау, оны төрешілдендіруге қарсы тұру, даму үрдістерін болжамдау, өзгеріп отырған жағдайға дер кезінде ден қоюдан тұрақты тетіктері жұмыс жасайды. Мұның бәрі өмірдің аса қажетті мұқтаждарынан туындайды, бұқараның жанды шығармашылығына арқа сүйейді», - делінген кандидат Сыздықовтың сайлауалды тұғынамасында.

Сондай-ақ сайлауалды тұғырламада батыс мәдениеті мен құндылықтарының келесіз ықпалы мәселелеріне ерекше көңіл бөлінген.

«Жаһандық компьютерлендіру және әсіресе батыстық электрондық БАҚ қоғамдық сананы арбайды, адамдар арасында ірікті салу үшін индивидуализмді пайдаланады, бұл ғаламшардың мәдени жігінің іргелі эрозиясына әкеп соқтырады. Еуропалық елдердегі тұтыну қоғамының құрылымдары қалыптастырған батыс мәдениетінің дағдарысы, батыс өркениетінің әмбебап құндылықтарды жеке өздері өндіруі және әлеуметтік өмір



нормалары бір-бірімен терең қайшылыққа түседі. Батыстың кемшіліктері әсіресе нақ мәдени салада көрініс тауып отырғаны сөзсіз. Өйткені тұтыну әлеуметтік феномен ретінде материалдық мүдделерін қанағаттандыруды көздейтін құндылықтар мен идеяларға негізделген», - деді Тұрғын Сыздықов.

Кандидат Тұрғын Сыздықовтың сайлауалды тұғынамасында кинематографтың батыстық стандарттарының келесіз ықпалы секілді мәселе де көтерілген.

«Кинематографтың батыстық стандарттары зорлық-зомбылық пен азғындыққа негізделген. Онда жағымсыз кейіпкерді күшті етіп көрсету қалыпта жағдай. Батыс кинематографы зорлыққа деген құлшынысты эстетикалық кеңістікке шығарып отыр. Батыс мәдениетінің бұл «жетістігі» батыстық өркениеттің бағытына кері әсер етуде. Әдебиет саласында да дәл осындай жағдай қалыптасқан. Әдебиет жетекші рөлден айырылып, кинематографтың ықпалымен зорлық пен әрекетсіздікті насихаттауға көшкен», - делінген кандидаттың сайлауалды тұғынамасында.

Кездесу соңында штаб басшысы А.Қоңыров қатысушыларға жүргізіліп жатқан үгіт-насихат жұмыстары жөнінде айтып берді.

«Біздің штабта сенімді өкілдер айқындалды. Олар барлық ақпараттық жұмысты жүргізетін болады. Біздің егжей-тегжейлі жұмыс жоспарымыз бар. Бірқатар кездесулер мен іс-шаралар өткізу көзделіп отыр.

Штабымыз БАҚ-пен тығыз қарым-қатынаста жұмыс жасайды, біз бұқаралық ақпарат құралдарына қашан да ашықпыз. Біз кандидаттымыздың қызметі мен оның сайлауалды тұғынамасы жөнінде барлық қажетті ақпаратты ұсынуға дайынбыз», - деді А. Қоңыров.

Сондай-ақ, кеше Қызылорда қаласында Тұрғын Сыздықовтың аймақтық сайлауалды штабының таныстырылымы өтті, деп хабарлады ҚХКП республикалық сайлауалды штабының баспасөз қызметі.

Қызылорда облысы бойынша аймақтық штабтың жетекшісі болып Талғат Телубаев тағайындалды. Талғат Телубаев партияда 4 жылдан аса жұмыс істеп келеді. Мамандығы журналист, біраз уақыт мұғалім болып қызмет атқарды.

«Бір ай көлемінде штаб Т.И.Сыздықовтың кандидатурасын қолдау аясында бірнеше іс-шара өткізуді жоспарлап отыр.

Штаб құрамында 5 сенімді тұлға жұмыс істейді. Насихат материалдары алынды, қазір оларды тарату жұмыстарымен айналысып жатырмыз», – деді таныстырылым барысында Т.Телубаев.

Ол сондай-ақ кандидат Тұрғын Сыздықовтың сайлауалды үгіт-насихатының негізгі бағыттары жайында қысқаша әңгімелеп берді.

«Бүгінде батыс қоғамы жасанды және негізгі құндылықтардың өзара арпалысқа түскен күрделі кезеңін, моральдік қағидаттар мен рухани құндылықтардың дағдарысын бастан кешіп отыр. Сол себепті, біздің кандидатымыз Тұрғын Сыздықов бұл мәселелерге үлкен маңыз береді. Жаңғырған жарнамалар, жылтырған журналдар адамның санасын уалауда. Адам құқығы мен еркіндікті көккөген ұрандардың астырында қантөгіс фильмдер мен эротика насихатталып жатыр. Бірақ, еркіндік әрбір әрекет үшін бірнеше еселенген жауапкершілікті талап ететінін ұмытпау керек», - дейді Т.Телубаев.

«Астана-Көгалдандыру» АҚ ұжымындағы жүздесу

29 наурыз күні Қазақстан Президентігіне кандидат Өбілғазы Құсайынов елордадағы «Астана-Көгалдандыру» АҚ кәсіпорнына барды.

Кездесу барысында Өбілғазы Құсайынов бірлестік жұмысшыларын өзінің сайлауалды бағдарламасының негізгі бағыттарымен таныстырып өтті.

Ө.Құсайыновтың айтуынша, ХХ ғасыр мен ХХІ ғасырдың басындағы жоғары экономикалық өсім қоршаған ортаның мүмкіндігіне мән берілмей жүзеге асырылды. Соның салдарынан таза табиғат ластанып, экологиялық проблемалар туындады.

Ө.Құсайынов жер ресурстарының тозуын табиғатты тиімсіз пайдалану салдарынан туындаған қоршаған ортаның деградациясының мысалы ретінде келтіріп кетті. Топырақ деградациясы үдерісінің нәтижесінде жыл сайын шамамен 7 млн га құнарлы жер ауыл шаруашылығына пайдаланудан қалып отырады. Бұл үдерістің басты себебі – урбанизация, су және жел эрозиясы, сондай-ақ химиялық және физикалық деградация.

Осы және өзге де экологиялық мәселелерді дер кезінде шешу – адамзаттың басты міндеті, оның одан әрі тіршілік етуінің және дамуының кепілі болып табылады.

Ө.Құсайынов өз сөзінде қоршаған ортаны қанша өзгертуге тырысқанымызбен Жердегі тіршілік табиғат заңдылығы бойынша жүріп отырады деп атап өтті. Сондықтан адамзат өркениеті орнықты дамуы үшін осы заңдылықтар мен қағидаттар бойынша жүруі қажет.

Табиғатпен үйлесімде өмір сүру – Жер бетінде Адамның өмір сүруінің негізгі принциптерінің бірі. Тіпті ежелгі философтардың өзі табиғатты оның заңдарына бағына отырып қана игеруге болатынын айтқан болатын.

Ө.Құсайыновтың айтуынша, Адамның Табиғатпен өзара іс-қимылының өз ерекшеліктері бар. Адам ақыл-ой иесі және бұл оған табиғаттағы өз орнын және Жер бетіндегі мақсатын сезінуге мүмкіндік береді.

Бүгінде адам тұтастай алғанда ғаламшардағы экологиялық дамуды басқаруды өз мойнына алуға қабілетті.

Біздің бірінші кезектегі міндетіміз – табиғи ресурстарды үнемді және жоспарлы қолдану, қоршаған ортаны ластанудан қорғау, табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалануға, қорғауға және қалпына келтіруге бағытталған халықаралық және қоғамдық шараларды, мемлекеттік бақылаудың жоспарлы жүйесін енгізу, болашақ ұрпақтардың материалдық және мәдени мұқтаждарын қанағаттандыру болуы тиіс. Ө.Құсайынов экологиялық-ағартушылық қызмет мәселесін маңызды шара деп санайды.

«Біз балалардың бойына жас шағынан бастап экология туралы қарапайым білімдерді, қауіпсіз және экологиялық өмір сүру принциптерін, табиғатты және біздің айналамыздағы болмысты сақтап аялай білу қажеттігі туралы білімдерді сіңіруге тиіспіз», – деп атап өтті Ө.Құсайынов.

Сондай-ақ «Астана-Көгалдандыру» қызметкерлерімен кездесуде Ө.Құсайыновтың республикалық сайлауалды штабының жетекшісі Рүстем Жоламан сөз сөйледі.

Р.Жоламан республикалық штаб қызметін ұйымдастыру жайын әңгімелеп берді, таяу кезеңдегі жұмыс жоспарларын баяндады.

«ҚР Президентігіне кандидат Ө.Құсайынов адам өміріндегі маңызды мәселеге – ғаламшардағы экологияны және биологиялық әралуандықты сақтау мәселелеріне жұртшылықтың назарын аударуға ниетті», деді кандидаттың республикалық сайлауалды штабының жетекшісі.

МОНИТОРИНГ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖАРИА ЕТІЛЕДІ

Келесі апта ішінде ҚР Президентігіне кандидаттардың үгіт жұмыстарына жүргізілген мониторинг нәтижелері жария етіледі. Бұл туралы ҚР Орталық сайлау комиссиясының төрағасы Қуандық Тұрғанқұлов ТМД байқаушылары миссиясы штабының жетекшісі Евгений Слободамен кездесуі барысында мәлім етті.

Кездесу барысында ОСК төрағасы ҚР Президентігіне үміткер ретінде 3 кандидаттың тіркелгендігін әрі

ТМД ЕЛДЕРІНЕН ҮШ ЖҮЗДЕН АСТАМ БАЙҚАУШЫ ҚАТЫСАДЫ

ҚР Президенті сайлауын ТМД-дан 300-ден астам байқаушы бақылайды. Бұл туралы кеше ҚР Орталық сайлау комиссиясында өткен брифингте ТМД байқаушылары миссиясы штабының жетекшісі Евгений Слобода мәлім етті.

«Осы сәттен бастап ТМД байқаушылары миссиясы 26 сәуірде өтетін сайлауға мониторинг жүргізуге кірісті деп есептеуге болады, шақырту алған сәттен бастап біз ТМД-дан байқаушылар миссиясын жасақтауға кірістік. Біз ТМД-ға қатысушы мемлекеттерге комиссия құрамына өз

олардың сайлауалды үгіт-насихат жұмыстарына кіріскенін айтты. Сонымен қатар ол әрі кандидатқа мемлекеттік бюджет қаржысы есебінен үгіт жұмыстарына 7 млн. теңгеден бөлінгендігін, барлық кандидатқа бұқаралық ақпарат құралдарына тең қолжетімділік жасалғанын хабарлады.

Сондай-ақ ОСК төрағасы қазіргі уақытта кезектен тыс президенттік сайлауды байқау үшін отандық 2 қоғамдық ұйымның тіркелгендігін атап өтті. «Олар: «Қазақстан Республикасындағы Президент сайлауын бақылау жөніндегі республикалық қоғамдық комиссия» мен «Заңгерлер әділ сайлау үшін» ұйымы», – деді ол.


өкілдерін жіберу туралы өтініш-хат жолдадық. Сонымен қатар ТМД-ның Парламентаралық Ассамблеясына, Ресей мен Беларусьтың парламенттік жиналысына ТМД миссиясы құрамында өз байқаушыларын жіберу туралы өтініш жасадық», – деді ол.

Е.Слободаның атап өтуінше, қазіргі уақытта ТМД мемлекеттерінен байқаушы ретінде аккредиттеуге жіберілетін 200-ге жуық құжат дайын. Бүгінде Түркіменстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Ресей, Беларусь елдерінің өкілдері Қазақстандағы президенттік сайлауға байқаушы ретінде қатысуға ниетті екендігін білдірген.

жүзеге асырады. Бұл орайда біздің байқаушыларымыз сайлау комиссиясының отырысына қатысуға, дауыс беруге қатысқан сайлаушылардың саны туралы ақпарат алуға құқылы, – дейді филиал жетекшісі.

Мария Жомартқызы осы жұмыстарды жүргізуге облыс бойынша 345 ерікті – байқаушы тіркеліп, жұмылдырылатынын жеткізді. Олардың ішінде зиялы қауым өкілдері, ардагерлер мен ұстаздар бар. Олар бүгінде өз міндеттерімен, қызметтерімен таныстырылуда. Бақылаушылар жұмысының нәтижелі болуын қамтамасыз ету мақсатында семинарлар өткізіліп, қоғамдық рейдтер жүргізіліп жатқаны да белгілі болды.

А.СӨРЕНБАЙҚЫЗЫ.



ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ БАСЫМ КӨПШІЛІГІ САЙЛАУҒА БАРУҒА ДАЙЫН

Қазақстан халқының басым бөлігі кезектен тыс сайлау өтетіндігі жайында хабардар және олар өз кандидатына дауыс беруге әзір. Бұл туралы кеше Астанада Демократия институтының директоры Юлия Кучинская мәлім етті.

Атап айтқанда, зерттеу барысында еліміздің барлық өңірлерінде 18 жастан жоғары 2 мың респондент сұралған. Бүгінде қазақстандықтардың электоралдық ақпараттану деңгейі 92 пайызға жетіп отыр. Яғни, сауалнамаға қатысқандардың дәл осындай көрсеткіші 26 сәуірде Қазақстанда ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауы өтетіндігі жайында білетіндігін мәлім еткен.

«Респонденттерге «сайлау учаскесіне барып, дауыс беруге дайынсыздар ма?» деген сауал қойылды. Осы орайда сайлауда дауыс беруге олардың 93 пайызы ниет білдірді», – деді институт директоры.

Электоралдық белсенділіктің ең жоғары деңгейі 18-24 жастағалардың арасында, студенттер, бюджет қызметкерлерінің, ауыл тұрғындарының, сондай-ақ зейнеткерлік жастағы және басқа респонденттердің арасында байқалды. Осы бағытта қалалықтармен салыстырғанда, ауыл тұрғындарының белсенділігі жоғарылау көрінеді. Аталған институт «Қазақстанның Азаматтық альянсы» ЖТБ тапсырысымен электоралдық кезеңде қазақстандықтардың белсенділігін анықтау бойынша сауалнаманы 2015 жылдың 15-25 наурызы аралығында жүргізген.

ЖЫР КЕШІ

ЖҮРЕКТЕГІ ЖАЗУЛАР

Өткен жұмада Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханада өткен ақын, ұстаз, ғалым Шанжархан Бекмағанбетовтің әдеби-шығармашылық кеші осылай аталды.



Жыр кеші “Ұлы теңіз” фонында “Теңіз-Ана” роліндегі Н.Бекежанов атындағы облыстық драма театрының артисі Зина Төлеповаың ақынға теңіздің “Тек-тұмарын” тағу рәсімімен басталды. Бұдан соң шараны сөз сөйлеп ашқан “Бейбітшілік әлемі” Халықаралық Жазушылар одағы облыстық бөлімшесінің атқарушы директоры Бегімбай Ұзақбаев алдағы атқарылар жұмыстармен таныстырып, бұл кеш ағалымыш ұйымның облыстағы алғашқы тәуәскері екенін атап өтті. Ал Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, белгілі ақын Әскербек Рахымбекұлы кеш иесіне шығармашылық сәттілік тіледі.

Кезек Шанжархан ақынға беріліп, жыр жолдары ағытылды. Ақжал толқынды теңіз жағасында туып-өскен

оның өлеңдерінің бастау көзі сол асау теңізге жатқан тәрізді. “Теңізге шақыру”, “Теңіздің монологы”, “Ақ толқындардың келетін”, “Мен онда ақын болғаным” тағы басқа толқынды жырларында теңіз тағдыры мен өзінің шығармашылық тағдырын егіз өрім етіп, жарасымды өре білген.

Әдебиетсүйер қауымды облыс әкімінің орынбасары Рауан Кенжеханұлының құттықтау хатымен әкімшілік өкілі Әлімжан Жарылқаған, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректоры Қылышбай Бисеновтің құттықтауын ғылым және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің директоры Қали Омаров таныстырып, ғалым ақынға арналған лебіздерін жеткізді.

Алматы қаласынан ат арытып жеткен “Бейбітшілік әлемі” Халықаралық творчестволық бірлестігінің атқарушы директоры Ханымай Мұстафаева мейртой иесіне аталмыш одақтың құттықтауымен қоса “М.Шолохов” медалі және арнайы дипломы табысты. Ал облыстық бөлімше атынан атқарушы директор Бегімбай Ұзақбаев ақынның иығына шапан жауып, Тұрмағанбет Ізтілеуовтің “Шахнаме” дастанының қос томдығын тарту етті. Сондай-ақ, қаламгерлер Махмұтбай Әміреев пен Шыңғыс Айбосынов Халықаралық Жазушылар одағына мүшелікке қабылданып, куәліктер табыс етілді.

Кеште Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің 3 курс студенті Инабат Сахиева, балалар бақшасының тәрбиешісі Индира Амандыққызы, М.Мәметова атындағы Қызылорда гуманитарлық колледжінің студенті Айсулу Насырова, №11 мектептің 8-сынып оқушысы, немересі Зейін Шанжархан ақын өлеңдерін оқыса, талапкер ақын Мөлдір Алпысбаева ақынға арнауын оқыды.

Шығармашылық кеште Шанжархан Бекмағанбетовтің өлеңдеріне жазылған сазгер Талғат Нағашыбаевтың “Шынар-ай” әнін облыстық филармония әншісі Назерке Нұрадинова, “Ерке қыз” әнін мектеп оқушысы Құндызай Жанабай, “Астана” әнін екінші сынып оқушысы Дінмұхаммед Төлеубай, композитор Аққошкар Серәлиевтің “Көршілер” әнін әнші Әділхан Райхан орындаса, жырау Айбек Тәнірбергенов ақынның “Мен – теңіздің ұлымын” атты өлеңін термелтеді. Жыр кешін автордың сөзіне жазылған белгілі композитор Өтеген Спановтың “Мектебім” әні әрлей түссе, кеш соңында әнші-сазгер Талғат Нағашыбаев өзінің “Балдәурен” әнін орындады.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ЖӘНЕ Өңір тарихы

Қазақ хандығының 550 жылдығына орай №4 облыстық дарынды балалар мектебінде “Қазақ хандығы тарихындағы Сыр өңірінің орны” тақырыбындағылыми жоба байқауы өтті. Байқаудың негізгі мақсаты – Сыр өңірінің тарихын ғылыми тұрғыда тереңірек зерттеу. Байқау барысында облысымыздың барлық аудандары мен қалаға қарасты мектептерден келген 8-10 сынып оқушылары өзара бақ сынасты. Оқушылар өздерінің жетекшілерімен бірге дайындаған ғылыми жобалары-

нан баяндама жасап, қазылар алқасының қосымша сұрақтарына жауап берді.

“Оқушылардың дайындаған жобалары, жасаған баяндамасы жоғары деңгейде деп айтуға болады. Сыр өңірінің тарихын толыққанды зерттей білген. Тек бір айтатыным, қосымша сұрақтар бойында балалар тосылып жатты. Ол оқушының емес, жетекшінің қателігі деп ойлаймын. Көбіне жетекшілер оқушылармен ғылыми тұрғыда жеке жұмыс жасай бермейді” – деді қазылар алқасының

төрағасы Дастан Сәтбай.

Сайыс соңында қазылар алқасының шешімімен бірінші орынды №5 мектеп-лицейінің оқушылары Камшат Захман мен Сания Әнуар жеңіп алды. Сондай-ақ, басқа да қатысушы оқушылар облыстық білім басқармасы дайындаған арнайы алғыс хаттармен марапатталды.

А.ІБРАЕВА.

Қызылорда аграрлық-техникалық колледжінің оқушысы.

КОНКУРСҚА ҚАТЫСЫҢЫЗ!

Арал қаласындағы «Құрметті азаматтар» алдесында орналасатын Арал Сөвденінің тұңғыш төрағасы Т.Медетбаевтың бюстінің эскиздік жобасына ашық конкурс жарияланады.

Конкурсты «Қызылорда облысының мәдениет басқармасының Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ұйымдастырады.

Конкурстың мақсаты – Бюсттердің бейнесін аша-тып, аса мәнерлі мүсіндік көркемдік шешімді анықтау. Ұсынылған жобалар жоғары идеялық және сәулеттік-көркемдік деңгейде орналасуы тиіс.

1. Конкурстың бағдарламасы

Конкурстың құжаттарының құрамы және оларды рәсімдеуге қойылатын талаптар.

- Ескерткіштің жобасын іріктеу талаптары.
- көркемдік деңгейі жоғары, эстетикалық мәнерліліктің болуы,
- идеялық мазмұны, көркемдік тұтастығы мен бітімі ерекше болуы;
- мүсіннің алыстан көз тартуы;
- орналасатын жердегі көріністің (панорама) басым композициясына айналуы керек.

2. Конкурстың материалдар құрамында ұсынылатын құжаттар:

- Орналасу сызбасы M1:500
- Бас жоспар M1:500
- Нұсқа (макет) M1:10
- Ескерткіштің қасбеттері M 1:10
- Мүсіннің эскизі -Н-0,50-0,60 см.
- Бюстің көркемдік шешімімен кеңістікті ұйымдастыру қағидалары және негізгі идеясы мазмұндаған №14 өлшемді «Times New Roman» шрифтімен бірінші жоғарылығымен басылған 2 беттен аспайтын мәтіннен тұратын, 2 дана қысқаша түсініктеме жазба.

3. Барлық графикалық жұмыстар 60х90 см планшетте беріледі.

Графикалық орындау әдістер – макеттің түсі, техникасы, материалы және мүсін – автордың өз қалауы бойынша орындалады.

Көрнекті түрде назарға ұсыну үшін барлық материалдар электрондық нұсқада қосымша ұсынылады.

2. Конкурстың шарттары

МАМАН КЕҢЕСІ

ҚАНТ ДИАБЕТІ

Адамның қанында қант мөлшерінің көбейіп кетуінен пайда болатын дертті қант диабеті деп атайды. Бұл аурумен жас та, кемел жастағылар да, кәрі де сырқаттанады. Әсіресе, жасөспірім кездегі диабет ауруы өте киын. Мұндай жаста диабетпен ауырғандарға арнаулы дәрі (инсулин) қолдану ұсынылады. Өйтсе де бұл ауру 40-тан асқан, тамақты шектен тыс ішсе, толыса бастаған адамдарға тән болып келеді.

Қант диабетінің негізгі симптомдары ретінде үнемі сусап тұру (полидипсия), киші дәреттің жиілеуі, көп болуы (полиурия), үнемі шаршаулы сезіну (полипатия), қол-аяқтың ұйып, жанысздануы, үнемі қарын аштығынан арылмау, салмақ азаюы саналады. Сонымен қатар, қант диабетінің екінші деңгейлі симптомдары мынадай жағдайларда

байқалады. Атап айтқанда, олардың қатарында терінің қышуы. Көздің көру қабілетінің айырылуы («тұман көлегейлегендей»), аяққа жазылмайтын созылмалы жара шығуы, естен тану (қысықтанып жағдайларда) секілді жағдайлар бар.

Өлем бойынша 2011 жылы 366 миллион адам осы аурумен тіркелген. Салыстырғанда болсақ, 1985 жылы 30 миллион адам осы дертке душар болған. Арала 15 жылдан соң бұл сан 150 миллионнан асты. Ал кәзіргі кезде қант диабетіне шалдыққан адамдардың саны әр 12-15 жыл сайын екі есеге көбейеде.

Жазира ТОРҒАЕВА,
Шалқия кенті дәрігерлік емханасының лаборанты.
Жанакорған ауданы.

БАЙҚАУ



“НАУРЫЗКӨЖЕ” САЙЫСЫ

Облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы және Қызылорда қаласының әкімдігінің бастамасымен облыс орталығындағы мейрамханалар мен қоғамдық тамақтану ұйымдары арасында «Наурызкөже» атты байқауы ұйымдастырылды.

Сайыс бойынша облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы, қалалық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі, облыстық кәсіпкерлер палатасы, «Жас Отан» Жастар қанаты облыстық филиалы және Қызылорда кәсіпкерлер ассоциациясы өкілдерінен облыстық комиссия құрамы іріктелді. Онда қазақ ұлттық нақыштарымен әзірленген ұлттық киімдер және киіз үйлердің бет-бейнесі, мәдени салт-

Р.АҚНИЕТ.

СЫР ЕЛІ ТЕАТР КҮНІН ТОЙЛАДЫ



27 наурыз – Халықаралық театр күні. Осыған орай, өткен жұмада Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрында мерекелік кеш болып өтті. Кешті облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшысы Ержан Әбдірахманов ашып, барша көрермендер мен театр ұжымын айтулы мерекемен құттықтады. Театрдың бүгінгі жетістігі мен оның дамуына жасалып жатқан қолдауларды сөз еткен басқарма басшысы биылғы жылы театр ұжымының Лондонда өнер көрсететіндігін баса айтты. Онда қызылордалық өнер ұжымы тек Сыр елінің ғана емес, қазақ жұртының өнерін шет елде паш ететін болады.

Шара барысында театрдың көркемдік жетекшісі Әмір-Темір Хүсейін театр ұжымына ҚР Парламенті Сенатының төрағасы Қ.Тоқаевтың мерекелік құттықтауын жеткізсе, Е.Әбдірахманов театрдың бірқатар қызметкерлеріне облыс әкімі мен облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының «Алғыс хатын» табысты. Сондай-ақ, өнер иелерін облыстық мәдениет, спорт және ақпарат қызметкерлері кәсіподағы да құттықтап, театрдың директоры Мұхит Әбдікәрімовті,

театрдың көркемдік жетекшісі Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, режиссер Әмір-Темір Хүсейінді кәсіподақтың «Құрмет белгісі» медалімен марапаттады. Оған қоса театрдың бас суретшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері Серік Пірмаханға «Құрмет» грамотасын тапсырды. Марапаттау мұнымен толастамады. Бірқатар театр қызметкерлері мерекеде Қазақстан театр қайраткерлері одағының төрағасы Тұңғышбай Жаманқұловтың марапатына ие болды.

Жалпы мерекелік концертте көрермендерге өнер иелері ән айтып, қойылымнан үзінді ұсынды. Бүгінде театр репертуарында түрлі жанрдағы сапалы қойылымдардың мол екенін ескерсек, әрбір спектакльде үздік ойнап, көрермен

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ атынан «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы (120014 Қазақстан Республикасы, Қызылорда қаласы, Қорқыт ата көшесі, 26А үй) активтерін (әкімшілік ғимарат пен оған тиесілі құрал-жабдықтарды және жер телімін) сату бойынша тендер өткізетін хабарлайды.

Тендер арқылы сатуға ұсынылатын актив туралы мәліметтер:

Лот №1. Әкімшілік ғимарат пен оған тиесілі құрал-жабдықтарды және жер телімі, Қызылорда қ., Қорқыт ата, 26А; жалпы сомасы ҚҚС-сыз 141 564 265,00 (бір жүз қырық бір миллион бес жүз алпыс төрт мың екі жүз алпыс бес) теңге.

Өткізу нысанымен танысу күні, уақыты және реттілігі:

03, 10 сәуір 2015 ж., сағ.10:00-12:00; «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ҚОФ-на Қызылорда қ., Қорқыт ата, 26А, 2-кабат, №15 кабинетке хабарласу арқылы.

Кепілдік жарна: өткізілетін актив сомасының 10% (кепілдік жарнаны қамтамасыз етуді енгізу көлемі мен мерзімі және филиалдың банк есепшотының реквизиттері) тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендер арқылы сатуға ұсынылатын актив құны 100% көлемде, саты-сатып алу келісім-шартына қол қойылған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде төленеді.

Өткізу шарты, техникалық сипаттамалар және қатысушыларға қойылатын басқа да талаптар тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттама талаптарына сай келетін барлық қатысушылар тендерге жіберіледі.

Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялауға өтініштерді қабылдау басталды

«Қазақармаркетинг» АҚ 228 «Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасының аясында аймақтардағы агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қолдау үшін облыс бюджеттеріне, Алматы мен Астана қаласының бюджеттеріне мақсатты ағымдық трансферттер бөлу» республикалық бюджеттік бағдарламасының 102 «Агроөнеркәсіптік кешен субъектісінің (бұдан әрі - АӨК субъектісі) қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау» кіші бағдарламасының аясында, қарыз алушылар мен сақтандыру ұйымдарынан агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялауға өтініштерді қабылдау басталғаны туралы хабарлар етеді.

Кепілдік/сақтандыру сыйлықақысы «Қазақармаркетинг» АҚ-на 8 (7242) 26 44 29, 8 771 088 02 98 Арал қ-сы 8 (72433) 2 45 37, 8 771 088 03 15

Әйтеке би кенті 8 (72438) 2 38 27, 8 771 088 03 14

Жоғалы кенті 8 (72437) 2 12 42, 8 771 088 02 95

Жалағаш кенті 8 (72431) 3 24 61, 8 771 088 03 16

Теренөзек кенті 8 (72436) 2 22 17, 8 771 088 02 96

Шіелі кенті 8 (72432) 4 25 97, 8 771 088 03 19

Жанакорған кенті 8 (72435) 3 14 67, 8 771 088 02 94 және

call-орталығына 8 800 080 70 80 нөмірлері бойынша жолдауға болады (Қазақстан бойынша қоңырау шалу тегін).

көкейіне жеткізе білген артистер де назардан тыс қалмай арнайы номинацияларға ие болды. Осылайша, барша жұртқа ерекше көңіл-күй сыйлаған театр ұжымы Сыр көрермендерінің талғамынан шыға білді, әрі жақсы әсер қалдырды.

М.ОТАРАЛЫ.

2015 жылдың 30 наурыздағы мүлкіті жария етуге байланысты есептіліктің қорытындысы

Аудан	Келіп түскен өтініштер саны	Орны
Арал ауданы	6	8
Арал қаласы	9	7
Қазалы қаласы	0	9
Қазалы ауданы	12	5
Қармақшы ауданы	45	2
Жалағаш ауданы	13	4
Сырдария ауданы	11	6
Шіелі ауданы	13	4
Жанакорған ауданы	25	3
Қызылорда қаласы	255	1

Қызылорда облысының қаржы басқармасы.

Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі
тел/факс 70-00-36

Сыр бойы

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӘБДІРАМАН

қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43

Жауапты хатшы 70-00-81

Бөлімдер:

руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73

экономика - 70-00-41, 70-00-68

өлеумет және саясат - 70-00-41

жарнама - 70-00-49, 70-00-52

есеп-хисап - 70-00-39, 70-00-38

заңгер - 70-00-42

компьютер орталығы - 70-00-34

корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07

Шіелі, Жанакорған:
Нұрмхан Елтай - 8724 32 4-69-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz

Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.

Тіркеу күнінің №12993-Г, 27.08.2012 ж.

“Сыр бойы” облыстық газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009

“Сапа менеджменті жүйесі” талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Авторларға қаламды тапсырса бойынша төленеді, қолжазба өңделері және қайтарылмайды.

Жариялануға газеттің түпнұсқалы қажетті.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы.

Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Газеттің таралымына “Қазпошта” - 23-64-51, “Евразия-Пресс” - 27-62-84 жауапты.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Таралымы 24783

Тапсырыс № 304

Электронды оқылым 28000.